

А 2015

1486 к

КЕНЖЕБЕК СЕРЖАН



БЕҮБІТ  
ЕЛДІҢ  
ҰЛАНЫМЫН



Қазақстан Республикасының  
Ақпараттық

Кітапханасы  
мен түркілік ұлалары!


Құрылған, Ақтөб  
14.12.2014 ж.  
Астана





Кенжебек Сержан

# БЕҮБІТ ЕЛДІҢ ҰЛАНЫМЫН



Алматы, 2014  
«Мерей» баспасы

УДК 386  
ББК 74.23  
К 20


**Сержан Кенжебек**

**К 20 Бейбіт елдің ұланымын.** - Алматы: «Мерей» баспасы.  
2014. –248 бет

ISBN 978-801-223-409-3

*Болашағынан мол үміт күттіретін жас ақын, тілші Кенжебек Сержанұлының тырнақалды туындылары толық қамтылған кітап 5-бөлімнен тұрады. Автордың алғашқы жазған балауса өлеңдері, мерзімді баспасөз беттеріне шыққан мақалалары, шағын әңгімелері және фотосуреттері беріліп отыр.*

*Кітап жалпы өлеңсүйер қауымға, өнерді бағалаушы зиялы оқырманға арналады.*



УДК 386  
ББК 74.23  
К 20

ISBN 978-801-223-409-3

© Сержан К. 2014  
© «Мерей» баспасы, 2014

*Бұл тұңғыш кітабымды киелі де шежірелі Маңғыстау облысының құрылғанына 40 жыл толуына, ақмаржан – Ақтау шаһарымыздың 50 жылдық меретойына және де аяулы әжем Ораз Сәрсенбайқызы мен өмірден ерте өткен атам Әнуар Салтанатұлының рухтарына арнаймын!*

**Автор**

## **БОЛАР БАЛА...**

Мен Кенжебек деген баламен биыл таныстым. Қай айдың нешесі екені дәл жадымда жоқ, бір бала телефон шалды. «Аға, мен Кенжебекпін ғой» деді.

Осыдан екі жыл бұрын Ақтау қалалық «Лада» деген газетте ойламаған жерден балалар беті ашылды. Балалар өміріне аздықөпті қалам тартып жүргесін мені ыңғайлаған болуы керек, сол газеттегі қазақ бөлімінің редакторы Алтынгүл Мендіхан деген қыз қолқа салып сұрады. «Газет аптасына бір рет шығады, соған үлгеріп тұрсаңыз болды, балалар бір қуанып қалар еді», - деп маған сенім арта айтты. Бір жылға жуық қызмет жасап, балалар шығармашылығынан елді хабардар еттік. Өкінішке орай, газеттің қаржылық жағдайына орай ол бет жабылып қалды. Бірақ, балалармен шығармашылық байланысты үзгенім жоқ, мына Кенжебек те солардың бірі шығар деп ойлап «Ал, Кенжебек, не хабар?» дедім.

Жоқ, бұл басқа Кенжебек екен, салған жерден «Бізде, Маңғыстау облысында, балалар басылымы жоқ, соған орай жұмыстанып жүр едім» деп, ауызды кеңнен салып, әңгіме бастады. Тыңдап қарасам, айтып тұрғаны баланың әңгімесі емес. «Бұл мәселені әкімнің де алдына қоюым керек» дегенді қосып айтты. Мен тіксініп қалдым, «ойпырым-ай, баяғы қаршадайынан елді ауызына қаратқан Қазбек билердің біздің заманымызға жеткен сарқыты емес пе екен?» деп те ойлап үлгердім.

Сөйтіп, Кенжебекпен менің арамда шығармашылық

байланыс басталып та кетті. Баяғы Бердібек Соқпақбаев ағамыз секілді Кенжебек те газеттерді ірілі-ұсақты мақалалармен бомбалауды бастап кетті. «Менің пірім Сүйінбай, сөз сөйлемен сиынбай» деп Жамбыл ағамыз айтқандай, Кенжебектің пірі мен болдым. Мені Құдайдай көріп, мақалаларын маған көрсетеді. Үйіме дейін ерінбей келіп, тоғызыншы қабатқа көтеріліп, шын ниетімен жүрген оның бетін қақпай, қолымнан келген көмегімді аяп қалған жоқпын. Тек жазып жүргендігім болмаса, менің де журналшылық оқуым шамалы. Жастайымнан әдеби шығармаларды көп оқып, болмасам да үлкен жазушыларға ұқсап бағып жүргесін менде Кенжебекке қарағанда тіл байлығым бар. Соны пайдаланып, облыстық «Маңғыстау» газетіне мақалалар жіберемін, олар іліпаларын басып жатады. Күндердің-күнінде, Кенжебек баланың ұмытпасам, оның Көкшетау сапарынан жазған «Мен Көкшетауға барып келдім» деген, мақаладан гөрі көркем шығармаға жақын әңгімесін сол газетке жібердік. Кенжебек екеуміз қызды-қыздымен әңгімені өте әдеби етіп жіберіппіз. Әңгімені Кенжебек редакцияға апарса, «Маңғыстаудағы» журналистердің бірі менің сөз саптасымды байқап қалып, «мынаны өзін жаздың ба?» депті. Басқа баланы қайдам, мен өзім Кенжебектің адалдығына, шыншылдығына тәнтімін «Ерекен ағам көмектесті» депті. Ол әңгіменің тоқсан пайызын жазған өзі. Менің бір таң қалғаным, шығарманы Кенжебектің үлкендерше үлкен толғаныспен жазғандығы. Әңгімеде оның Көкшетауға барғаны, қанша балмұздақ жегені, не «Бәйтеректің» басына шығып, суретке түскені жазылмаған. Кенжебек бала болса да, баяғы Сәкен жүріп өткен жерлерге барғанын жазып, сексен көлді көргендегі Сәкен бейнесінің көз алдында елес болып тұрып алғандығын айтып, ұлы ақынды бар жүрегімен еске ала қалам тербеген. Ол әңгімені оқып отырғанда шынашақтай баланың үлкен жүрекжарды, жан тебіренер сөздері адамды бейжай қалдырмайды. Оның бұл туындысын Ақтау қалалық «Ақтау ақпарат» газеті де басты. Кенжебекті көрген сайын оның бойынан пісіп келе жатқан дайын тұрған журналшылық кәсіптің ұшқынын байқаймын. Оның



тынымсыз жүрісі, газетке беретін дүниелердің көзін іздеуі кәнігі кәсіби газетшілерден кем емес. Мен оны көрген сайын болашақ қазақ журналистикасының алып өкілімен ұшырасқандай сезімде қаламын. Тіпті кейде Әбіштер туған мына сары даладан тағы бір дарынды ұлдың шықпауы мүмкін емес деген ойлар да қылаң беріп қалады. Солардың тілеуін тілеп, «тіл-көзден аман болғай» деп тілейсің. Маңғыстау деген қасиетті жердің өсіп келе жатқан талантты ұлына, үлкен өмір жолында сапары сәтті болып, қазақ сахарасының ұлыларының бірі бол дегеннен басқа тілек жоқ.

**Ерекен ҚОРАБАЕВ,**

*Қазақстан Журналистер одағының мүшесі,  
Республикалық «Алтын қалам» байқауының жүлдегері.*

*1911 жыл.*



# I БӨЛІМ

## ӨМІРІМ ӨЛЕҢІММЕН ӨРІЛГЕН

*II жасымда тұңғыш жазылған өлең шумақтары:*

Аққулар қайта келер,  
Каспийдің жағасына.  
Нәзік ән айта берер,  
Толқынды ағысына.

\*\*\*

Әнуар деген мен де тек,  
Бабалар ізін жалғаған.  
Сержанның ұлы Кенжебек,  
Қатардан ешбір қалмаған.

\*\*\*

Кірпіге ешкім тимейді,  
Тікенектерін сүймейді.  
Алмасын теріп әр жерден,  
Ініне қарай сүйрейді.

\*\*\*

Ерте тұрар баламын,  
Мамам тілін аламын.  
Баласымын қаланың,  
Азамат боп жарадым.  
Кітабыма қарадым,  
Мектебіме барамын.

\*\*\*

Аспанда Ай мен Күн сау болсын,  
Адамдардың жүрегіне жыр қонсын.  
Бейбітшілік заңдылығын ұқтырып,  
Жастарыма сана келсін, құт күліп.  
Ел болсақ деп жастарымыз келіссін,  
Бейбітшілік бақытты етсін жер үстін!

**...ЕГІЗ БЕ ЕДІҢ?**  
*(Мұқағалиша)*

Эй, поэзия, менімен егіз бе едің?  
Мені сонша жабырқап неге іздедің?  
Қоя қойсаң болмай ма мына мені,  
Тағдырыма ілесіп неге іздедің?

Эй, поэзия, мен сені кештеу көрдім,  
Ағат бассам, қатемді кешпей көргін.  
Іздеп жүріп, әр таңның шуағынан,  
Жұмбағыңды перзентің шешпей ме енді?!

Сағынышқа сарғайтқан күле қарап,  
Түнімен көз ілместен тілек арнап.  
Әміріне сананы бағындырды,  
Өзегімде өзеуреп, жүрек арбап.

Маған қарап толқытсаң, шаттанамын,  
Болашаққа шабытпен аттанамын.  
Шабыт атқа мінгізген өзің мені,  
Эй, поэзия, қалды ма басқа амалым?!

Көз алдымда дүния құбылады,  
Көзім күліп шаттықтан, жұмылады.

Берсе ұзақ кып Тәңірім тіршілігін,  
Таусылмайды жырды ұғар күнім әлі.

Эй, поэзия, менімен егіз бе едің?  
Өзен бе едің, көл ме едің, теңіз бе едің?  
Мұхитыңа шалқытып, жас қайықтан  
Кеме жасау тәсілін көп іздедің...

*2013 жыл.*

### **ЖАЛҒЫЗ АҚҚУ**

Күн шапағы шағылысқан су қандай!  
Су бетінде кенелді құс думанға-ай!  
Су тынбады, таба алмады шақ дамыл,  
Жалғық жүзген аққу құсқа жақпады.

Қанатында нәзік наз бар шынайы,  
Жүзді аққу, жанары оның мұнайды.  
Жылар ма екен кім біледі солқылдап,  
Көздің жасын жасырды ма толқынға?!

Қуанышты көре алмадым өңінен,  
Құт таппады құс табиғат лебінен.  
Көкжал толқын итереді жағаға,  
Жалғыз жүріп қандай қамқор табады, ә?..

Күн бұлттанды, төкті Тәңір жаңбырын,  
Қиқу салды даусы аққудың жаңғырды.  
Құдіреттен сұрағандай қосағын,  
Сол аққудай сыңарын кім тосады?!

Мен де кеттім сол жағадан жабырқап,  
Сезіміне сұлу құстың таңырқап...  
... жалт бұрылсам, жолығыпты егізі,  
Тербетеді қос еркесін теңізі.

*2011 жыл.*

## МАХАМБЕТ ПЕН ИСАТАЙ!

Қара қазан, сары бала қамы үшін  
Көктесін деп ұрпағының бағы шын,  
Жанын қиған Исатай мен Махамбет,  
Жан беруге дайын тұрған ар үшін.

Озбырлардың сетінеткен дәрменін,  
Жауларының тентіреткен дәуренін.  
Жебе сыңды ысқыра ұшқан жырлары,  
Қақыратқан тас түнекті сәуле ғып.

Ел жадында қос абызым мәңгілік,  
Атын қостым өлеңіме ән қылып.  
Мұң мен шерін қос батырдың, жеңісін,  
Еске алғанда, тарих сөйлер жаңғырып.

2011 жыл.

## ШОҒЫ БАТЫР - АСЫЛ ТҰЛҒА АРДАҚТЫ!

*(Маңғыстаудың атақты батыры Шоғы Мұңалұлының  
Мұнайлы ауданындағы мектепке аты беріліп, мектебінің  
алдына ескерткіші орнатылды)*

Шоғы есімі жатыр бүгін ақталып,  
Батырлығы жұрт жадында жатталып.  
Сауыт киіп, бес қаруы сайланып,  
Кетіп еді сан жорыққа аттанып.

Түркістандай, құтты кие, орданы,  
Арашалап, қасиетті қорғады.  
Жау көрінсе Шоғы батыр ұрандап,  
Сансыз қолы хас батырын қолдады.

Кие қонған қасиетті кісінің  
Ескерткіш боп қасқып тұр мүсіні.  
Әрбір перзент келсе екен алдына,  
Дараланып, дала алыбын түсініп.

Шоғы батыр – асыл тұлға ардақты,  
Талай шайыр шалқар жырын арнап тұр.  
Бабамыз деп марқайып тұр ұрпағы,  
Жер қайысты, келмеген жұрт қалмапты.

Батырым деп күллі қазақ таныған,  
Қасиеті тамырына дарыған.  
Шоғы деген – тұрған алып бәйтерек,  
Маңғыстаудың Мұңалына әнұран.

*2011жыл.*

## **БУРАБАЙ, ШЫН БЕЙНЕҢЕ БАҒА ЖЕТПЕС!**

Мен бардым сексен көлдің саясына,  
Сексен көл ала кетті аясына.  
Оқжетпес Жұмбақтаспен тамсандырды,  
Өр Көкше әуеніндей ансамбльдің.

Сәкеннің жолдарымен жүргендеймін,  
Тілімде өңшең ұйқас, күрмелмеймін.  
Шаршамай шыға бердім белестерге,  
Тар жолда тайғақ кешкен елестерде...

«Бурабай, шын бейнеңе баға жетпес!..»  
Мағжандай маңғаздандым аға ниеттес.  
Қасымдар жырлап өткен жасыл өлке,  
Сан ғасыр жыр боларсың ғашық елге.

*2011 жыл.*

## ТӘУЕЛСІЗ ЕЛ – ТІРЕГІМ!

Тәуелсіз ірге болдық өнегелі,  
Тәу еткен «бірге бол» деп кемеңгерім.  
Нұр ортақ, ақыл ортақ жүректегі,  
Ар ортақ, жан да ортақ кемеңдегі.

Сынығы асылыңның – ақын ұлдың,  
Ерлікке арналады тақырыбы.  
Паң болып, даңқты елдердің қатарында,  
Таң болып, нұр боп бірге атармын ба?!

Көркейші Тәуелсіз ел, еңселі боп,  
Ер жетіп, есейгенше мен сері боп.  
Тілегім: жасампаз бол, жеңісті елім,  
Дәулетті, сәулетті елім, егісті елім!

Өзіңмен теңеспес ел тайталасып,  
Атағың әлемге аян, Алты Алашым!  
Көк тіреп, желбіресін көк байрағың,  
Көк беріп, қабыл еткей көп байламын!

*2011 жыл.*

## АСТАНА – АРУ ҚАЛА

Жайнай бердің, жанға бердің қуаныш,  
Бой түзедің, жүректе көп қуаныш.  
Нұр ағамыз бастап берген бастама,  
Жасай берші, ел ордасы – Астана!

Көк туымыз желбіресін көгіңде,  
Гимніміз жырың болсын төгілген.  
Бақыт бағы болып өзің қарсы алшы,  
Саған қарап талант біткен тамсансын.

Астанам – ел ордасы, халқыма құт.  
Елу елдің бірі боп алдыға шық!  
Барша жұрт боп тойлайық мерейіңді,  
Мен – жас ақын, бағаңды берейін бір.

Еліміздің, Астана, жүрегісің,  
Жеріміздің, Астана, тірегісің.  
Өр халықтың, Астана, ұранысың,  
Ғарышты ұғар, Астана, қырағымсың.

*2012 жыл.*

## МАХАБАТ МҰНАРАСЫ

*Құдай-ау, қайда сол жылдар,  
Махаббат, қызық мол жылдар ?!  
Абай.*

Қол ұстасып, қос ғашық табысқандай,  
Көкжиекте Жер мен Нұр қауышқандай.  
Махаббаттың жалыны өрт боп өріп,  
Көрінген тау – көп сағым алыс қандай!

Бабам берген байлыққа, жерге айтарым,  
Жұпарыңмен жарылқа, кең байтағым!  
Ақ жаңбырдың тамшысы-ақ жетіп жатыр,  
Үстем болып мерейім мен қайтамын.

Махаббатты арман қып аңсап келем,  
Қос ғашықты көргенде ән сап берем.  
О, Махаббат, шығаршы мұнараңа,  
Ерте есейген балаңды кінәлама!

Қарындастың бұрымы, шашы сұлу,  
Кірпігі мен қиылған қасы сұлу.  
Нұр-сәулеге бөленіп тұла бойың,  
Баламын деп келмей жүр тына қойғым.



Келе берді ұйкастар ырғақты әнмен,  
Құдай берген сияқты бір бақ таңмен.  
Махаббатты ертерек ұққандаймын,  
Мұнараның басына шыққандаймын...

2012 жыл.

### **СҮЙІКТІ ҚАЛАМ – АҚТАУЫМ!**

*«Еркіндік жолындағы күресімен тарихта қалған  
сүйікті қалама қаниа жыр арнасам да артық емес».*

**Темір Мыңжас.**

Ажарлы екен ақ таңың,  
Базарлы мекен Ақтауым.  
Жүз жетпіс үш мың тұрғының,  
Өзіңнен өрді бақ тауып.

Жартасың, тауың – бәрі де,  
Тарихпен кетер әріге.  
Жол тауып сенен жас өркен.  
Батасын берді кәрі де.

Шабытқа шалқы, шаһарым,  
Сәулетпен таң қыл жаһанды.  
Әлемге сені танытсың,  
Серілер айтып саф әнін!

Сүйікті қалам өзіңсің.  
Сейілмес мәңгі сезімсің.  
Арналған саған әнімнен,  
Махаббатым зор сезілсін.

Жұлдызды екен аспаның,  
Таусылмас жазсам дастаным.  
Бұйыртса жарық көретін,  
Сен жайлы дастан бастадым...

2012 жыл.

## АЛТЫН КӨПІР – ҚАРИЯЛАР

Ел тағдыры – ер қолында,  
Ер құрбан ғой ел жолында.  
Өткен менен болашаққа,  
Ғасыр атты дарияға,  
Алтын көпір – қариялар.

Ақ шапанды ақсақалдан  
Ақылды жас ақ бата алған.  
Мына жақ пен ана жақта  
Ақиқатты жариялар –  
Алтын көпір қариялар.

Өмір құнын білгендерді,  
Құрметтейік үлкендерді.  
Қасиеттен аласартпай  
Жаңа-көне шаруа бар  
Алтын көпір – қариялар!

*2012 жыл.*

## ЖОМАРТ ЖЕР

Адамзат тірлігіне шүкір етті,  
Жер Ана тербетті оны құдіретті.  
Ол тапты осы жерден ұлылықты,  
Жер Ана аямапты жылылықты.

Су берді, кеудесінен кәусар құлап,  
Кәусардың балдай дәмі тамсандырад.  
Тынысын тарылтпады орманымен,  
Бағыттап сапар берді жолдарымен.

Жомарт жер тарылмады, сый таратты,  
Күй төкті дөңгелетіп күйтабақты...

Жер Ана жанарына жас толады.  
Адамзат келеді оны лаптап әлі.

Аспан да ашынғанда күркіреді,  
Бұлқынып жер танабы, сілкінеді...  
Адамзат мұны ұқпастан дүркіреді,  
Пенденің ісі неткен күлкілі еді.

\*\*\*

Баладан аямапты төбелерін,  
Гүлімен қосып берді көбелегін.  
Перзенті қуантады жорға мінсе,  
Жақсы еді табиғатты қорғай білсе.

Жер Ана түрлі түске боянады,  
Сезімі перзентіне оянады.  
Аунатып көк құраққа шалқасынан,  
Тау-қыры мінгізеді арқасына.

Егін боп, астық болып тойындырды,  
Адамзат апта сайын тойын қылды.  
«Жетсе екен қадіріне жомарт жердің»,  
Осының бәрін бір күн ойлап көрдім...

*2013 жыл.*

### **АҚКЕТІК - АҚ БЕСІГІМ!**

*(Түпқараған ауданының құрылғанына 20 жыл толуына арнау)*

Маңғыстау – тарихтың бір қайнар көзі,  
Ақкетік – Фортмызға<sup>1</sup> айдай бесік.  
Оқ жонған адайларым ата көрген,  
Әруақтар желеп-жебеп, жата бергей.

Ақкетік<sup>2</sup> – қарайғаным, шаңырағым,  
Жүректің лүпілімен сағынарым.

Айналған бүгіндері аңызға алып,  
Тарихтан орын берген абыз халық.

Ерлігін Иса менен Досандардың<sup>3</sup>,  
Ел болып ұмытпаған қос ардағын.  
Жан берген, ұрпақ үшін қанын төккен,  
Соған сый, тәуелсіз ғып Тәңірі еткен.

Жырлаған бұл мекенді талай ақын,  
Сауран мен Тамшалының дардай аты.  
Барына шүкір етем Ақкетіктің,  
Мұрасын бабалардың бақты етіп мың.

2012 жыл.



---

<sup>1</sup>Форт-Шевченко – Маңғыстауға жер аударылып, айдалып келген украин ақыны, дарынды суретші Тарас Шевченконың есіміне қойылған қала. Маңғыстаудың тұңғыш өлкелік орталығы. Қазір бұл қаланың қақпасы - Тұтқараған ауданы.

<sup>2</sup>Ақкетік (Кетік) – Форт-Шевченконың байырғы атауы .

<sup>3</sup>Иса мен Досан (Иса-Досан) – 1870 жылдардағы патша үкіметінің отаршылдығынан алым-салықтың екі есеге өсуінен оршіген Маңғыстаудағы көтерілістің басшылары.

## МАҢҒЫСТАУ, СЕНСІҢ МЕНІҢ ТУҒАН ЖЕРІМ!

Маңғыстау – тектілердің туған жері,  
Адайдың көшіп, дәурен құрған жері.  
Қырлары, дөңдері мен далалығы  
Ертекттей еткен көптің балалығын.

Ешкім де маңғаз жерді ұмыта алмас,  
Кең дала, сирек ағаш, ұлы таулар.  
Әулие 360 бұл мекенде,  
Бейне бір Бекет елі бір Меккеңдей.

Маңғыстау құт мекенім, туған жерім,  
Ас берген аталарға думан керім.  
Кәрілік белін бұған балалықтың,  
Жастары жолын қуған даналықтың.

*2011 жыл.*

### АҚ ӘЖЕ

*(Әжем Ораз Сәрсенбайқызының рухына арнау)*

Елең еткен Ораз деген есімге,  
Кәрі әжемнің әзіз өңі есімде.  
Жарықтық-ай мені «арқалад» деседі,  
Ойнатыпты әкем емген төсінде.

Әжелерін көрген кезде жұрттардың,  
Үш жасымда бұртиыпты ұрттарым.  
Отырамын кейде-кейде сағынып,  
Маған арнап қайнатпаған құрттарын.

Ауылына, қауымына Қошқардың,  
Әжеге арнап қаймақ алмай, бос бардым.  
Тәңірім-ай, немересін көрсетпей,  
Тым ертелеу құрды ма екен жоспарын...

Әжелердің көрген кезде әжімін,  
Естігінде алғыс толы өз үнін  
Іш-бауырым елжіреп ап кетеді,  
Хақ жүрегім, ет жүрегім – нәзігім.

Сақталыпты төсек қылған диваны,  
Салауатта болсын лайым иманы,  
Ешбір жанның Ақ әжесін алайда,  
Ақыретке, ана жаққа қимадым.

*11.08.2012 жыл.*

### **ЧЕМПИОНДАР**

Көк байрақты желбіреткен Лондонда,  
Ей, жанкүйер, чемпионға қол бұлға!  
Көк жәшікке телмірумен қуанып,  
Мен де отырмын желбіретіп ту алып.

Рахаттандық, бір шаттандық мээ болып,  
Қуаныш та жатқан жоқ қой аз болып.  
Алтын төкті көгімізден кең Алла,  
Жарқырады алтын күн де жаз болып.

Түрегелді жанкүйердің баршасы,  
Бірінші кеп Винокурдың Сашасы.  
Света, Майя – атан жыққан жігіттей,  
Зіл темірді көтергенде зінгіттей.

Елу елдің тасасында қалмадық,  
«Жасасын, - деп бүркітті алып,  
самғадық,  
Баса бер деп, Қазақстан, алға нық!» -  
Бабалардың ұрандарын жалғадық.

*2012 жыл.*

## ЖАЛҒЫЗ ҰЛЫ ҚАЗАҚТЫҢ!

*(Серік Сәлиевке)*

Қазақтың аян етті ғажап атын,  
Әлемге әйгілеумен азаматым.  
Бокстан көрсетті ол шеберлігін,  
Жалғыздың мақтан етті ел ерлігін.

Қазақтың жалғыз ұлы сауыты алтын,  
Шығарған күллі әлемге ауыл даңқын.  
Лондоннан ат басындай алтын алған,  
Тарихта алтын әріп аты қалған.

Серігі, абыройлы ел перзенті,  
Жеңістің «көкебайын» сен көрсеттің.  
Шынайы мақтанамын батырым деп,  
Әр қазақ – жалғыз түйір жақыным деп.

*23.11.2012 жыл.*

## ЕЛДІҢ АЗАМАТЫ

*(Кеңес және партия қызметкері, елдің азаматы Өтежан  
Алишынбайұлының 90 жасына арнау)*

Ақсақалмен ардақты қазақ аты,  
Жаңаөзеннің құрметті азаматы.  
Абыздардың осындай асқай саны,  
Ұрпаққа бар қалдырар ғаламаты.

Көпті көрген Өтежан атамызға,  
Алғыс айтпай жас ұрпақ жатамыз ба!  
Еңбегі – елі үшін мол қазына,  
Елімізде еленгей аты аңыздар.

Туа біткен бойының қасиетін,  
Мол мирас қып қалдырған өсиетін.  
Ғасырды бағындарған ғұламаға,  
Сан ұрпақ туар талай бас иетін.

2011 жыл.

## **БҮЛ ӨЛКЕДЕ ЖІГІТТЕР БАР МАРҒАСҚА**

*(Өлкеге белгілі қаламгер әрі өлкетанушы Әбілқайыр  
Спанның 63 жас мерейтойына арнау)*

О, Әбеке, 63-ке келдіңіз!  
Пайғамбар жас.  
Белесті бұл көрдіңіз.  
Сан алуан өрнек толы өнер ғып,  
Өлкемізге 50 кітап бердіңіз.

О, Әбеке, сондай жүйрік екенсіз,  
Төл перзентсіз туған жерге, бекемсіз.  
Дарын десем мен Адайдан біртуар,  
Сенер елім, қолдар елім секемсіз.

63 жас – жеткенге арман, орынды,  
Жетпегеннің кескен болар жолын мұң.  
Дерт беремесін, Әбекем-ау, кең Алла,  
Қабілетін киелі еткей қолыңның.

Шеберліктің құнын білгей халқыңыз,  
Таланттарға тағзым етер салтымыз.  
Әулетті де, дәулетті де жомарт боп,  
Сахи аға, талай тарту тартыңыз!

Інілерге біздей үміт артыңыз...

22.11.2012 жыл.